

Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округі Көкпекты ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 9 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 желтоқсанда № 25808 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Көкпекты ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Мәртөк ауданы Жайсаң ауылдық округі Көкпекты ауылының көшелері келесідей қайта аталсын:

- "Казахская" көшесін - "Мәншүк Мәметова" көшесіне;
- "Орталық" көшесін - "Рақымжан Қошқарбаев" көшесіне;
- "Школьная" көшесін - "Жайық" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жайсаң ауылдық
округінің әкімі*

Б. Коптлеуов